



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан  
сайланған  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
С. Абдрахмановқа  
А. Амирханянға  
І. Бұларовқа  
Н. Дементьеваға  
Ю. Лиге  
В. Набиевке  
Ш. Осинге  
В. Тохтасуновқа  
А. Хамедовке**

*2021 жылғы 20 қаңтардағы  
№ДС-2 депутаттық сауалға*

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) сіздердің сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

*Жер қойнауын геологиялық зерттеу жай-күйіне қатысты.*

Министрліктің Геология комитеті жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу (бұдан әрі - ЖҚМГЗ) бойынша жұмыстар жүргізуде. ЖҚМГЗ құрамына алаңдарды өңірлік карталау бойынша жұмыстар, сондай-ақ іздеу және іздеу-бағалау жұмыстары кіреді.

Жер қойнауын өңірлік геологиялық зерттеу бойынша жүргізілетін жұмыстар пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын барлау және ашу бойынша одан әрі жұмыстар үшін базалық жағдайларды жасауға мүмкіндік береді.

*Анықтама үшін:*

*Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бойынша көлемдер мынадай:*

*-1:200000 масштабты геологиялық түсіру (ГС-200) Қазақстанның барлық аумағында орындалды;*

*-1:200000 масштабтағы алаңдарды геологиялық жете зерттеу (ГЖЗ-200) 1,18 млн. шаршы км алаңда орындалды, оның ішінде 2017 жылы - 10,9 мың шаршы км, 2019 жылы - 16,1 мың шаршы км жұмыс алаңда жүргізілді;*

-геологиялық-минерагендік картаға түсіру (ГМК-200) және терең геологиялық картаға түсіру (ТГК-200) 153,1 мың ш. км және 180,2 мың ш. км алаңдарда орындалды, тиісінше, оның ішінде 2017 жылы ГМК - 200 бойынша 11 мың ш. км алаңда, 2019 жылы-17,9 мың ш. км, ТГК - 200 бойынша 2017 жылы – 9,8 мың ш. км, 2019 жылы - 47,5 мың ш. км, 2020 жылы - 10,8 мың ш. км. алаңда жұмыс орындалды.

2020 жылы жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу нәтижелері бойынша болжамды ресурстар бағаланды (P1+2+3 санаттары):

- алтын өндіру-12,656 т.;
- мыс кені-161,6 мың т.;
- күміс – 176,257 мың т.;
- қорғасын - 968 мың т.;
- мырыш-1157,4 мың т.

Еліміздің минералдық-шикізат базасын толықтыру мәселесіне жер қойнауын пайдаланушылар да өз үлесін қосуда.

Анықтама үшін: Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мен лицензиялар шеңберінде геологиялық барлауға инвестициялар (лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау жөніндегі есептілік деректері бойынша) құрады:

Пайдалы қазба түрі	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл (болжам)
ҚПҚ	37	34	42	43
КСШ	140	134	140,4	143,4
ЖПҚ	1,177	1,360	1,3	1,4

2017-2020 жылдары жер қойнауын пайдаланушылармен барлау жүргізу нәтижесінде алғаш рет мемлекеттік теңгерімге 65 кен орны қойылды, оның ішінде ҚПҚ (қатты пайдалы қазбалар) – 43 (14 - алтын, 1 – мыс, 4 – темір кені, 1 – вольфрам кені, 3– марганец кені, 1 – хром кені, 1 – нефритоид, 1 – көмір қабаттарынан метан, 2 – көмір, 15 – ТМТ (техногендік-минералды түзілімдер), КСШ (көмірсутек шикізаты) – 22.

Пайдалы қазбалар қорларының жыл сайынғы мемлекеттік балансы бойынша пайдалы қазбалар қорларының мынадай өсімі алынды (2020 жылғы жай-күйі бойынша): алтын – 111,5 т., марганец кені – 11,8 мың т., темір кені – 13,8 млн. т., хром кені – 192,4 мың т., уран – 55,4 мың т., мұнай – 31,7 млн. т.; газ – 29 млрд. м<sup>3</sup>; конденсат - 706,8 мың т.

### *Жоспарлар мен міндеттер.*

Қазақстанның минералдық-шикізат базасын толықтыру және геологиялық зерделенуін арттыру мақсатында Министрлік келесі жұмыстарды жүргізуде.

Геологиялық барлау саласын дамыту бойынша Ұлттық жоба әзірленуде, осы жобаның шеңберінде кенді және кенсіз аймақтардың әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін жаңа ғылыми негізделген жұмыстар жоспарланатын болады.

Геологиялық ақпаратты құпиясыздандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, оның ішінде бұрын құпия болып саналған жекелеген сирек кездесетін жер металдарына (литий, тантал, ниобий) ашық қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

ЖҚМГЗ-ді дамыту және жаңа перспективті учаскелерді табу ықтималдығын арттыру бөлігінде 1: 50 000 масштабында жер қойнауын кең ауқымды өңірлік

геологиялық зерттеуді заманауи зерттеу әдістерімен жүргізу жөніндегі нормативтік-әдістемелік нұсқаулықтар дайындалуда.

Минералдық-шикізат базасын толықтыру, жер қойнауын геологиялық зерттеу, геологиялық барлауды басқару жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге және бекітуге (ЭМ және ИИДМ келісімі бойынша) және Министрліктің қолданыстағы инфрақұрылым мен инспекторлық құрамы шеңберінде Министрлікті ҚПҚ бөлігінде мемлекеттік бақылауды орындау бойынша жауапты деп айқындау ұсынылды.

Осылайша, геологиялық барлауға инвестициялар ағынын ынталандыру тетіктерін жетілдіру жер қойнауын геологиялық зерттеудің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, минералдық-шикізат базасын молайтуды және жаңа кен орындарын ашуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар  
министрі**

**М. Мырзағалиев**

✉: *А.Мухамеджанова*  
☎: 8 707022-06-06  
8 7172 278149



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

**Депутатам Мажилиса Парламента РК,  
избранные от Ассамблеи народа Казахстана**  
**С. Абдрахманову**  
**А. Амирханяну**  
**И. Буларову**  
**Н. Дементьевой**  
**Ю. Ли**  
**В. Набиеву**  
**Ш. Осину**  
**В. Тохтасунову**  
**А. Хамедову**

*на депутатский запрос №ДС-2*

*от 20 января 2021 года*

### **Уважаемые депутаты!**

Министерство экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее-Министерство), рассмотрев ваш запрос, сообщает следующее.

*Касательно состояния геологического изучения недр.*

Комитетом геологии Министерства проводятся работы по государственному геологическому изучению недр (далее - ГГИН). В состав ГГИН входят работы по региональному картированию площадей, а также поисковые и поисково-оценочные работы.

Проводимые работы по региональному геологическому изучению недр позволяют заложить базовые условия для дальнейших работ по разведке и открытия новых месторождений полезных ископаемых.

*Справочно:*

*Объемы Государственного геологического изучения недр следующие:*

- геологическая съемка масштаба 1:200000 (ГС-200) выполнена по всей территории Казахстана;

- геологическое доизучение площадей масштаба 1:200000 (ГДП-200) выполнена на площади 1,18 млн.кв.км, из них в 2017 году работа проведена на площади

10,9 тыс.кв.км, в 2019 году - 16,1 тыс.кв.км.;

- геолого-минерагеническое картирование (ГМК-200) и глубинное геологическое картирование (ГГК-200) выполнено на площадях 153,1 тыс.кв.км и 180,2 тыс.кв.км, соответственно, из них по ГМК-200 в 2017 году работа проведена на площади 11 тыс.кв.км, в 2019 году - 17,9 тыс.кв.км, по ГГК-200 в 2017 году - 9,8 тыс.кв.км, в 2019 году – 47,5 тыс.кв.км, в 2020 году - 10,8 тыс.кв.км.

В 2020 году по результатам Государственного геологического изучения недр оценены прогнозные ресурсы (категории P1+2+3):

- золота – 12,656 т.;

- меди – 161,6тыс.т.;

- серебро – 176,257 тыс.т.;

- свинец - 968 тыс. т.;

- цинк - 1157,4 тыс. т.

Свою значительную долю в вопрос восполнения минерально-сырьевой базы страны также вносят недропользователи.

Справочно: Инвестиции в геологоразведку в рамках контрактов и лицензий на недропользование (по данным отчетности по выполнению лицензионно-контрактных условий) составили:

Вид полезного ископаемого	2017 год	2018 год	2019 год	2020 год (прогноз)
ТПИ	37	34	42	43
УВС	140	134	140,4	143,4
ОПИ	1,177	1,360	1,3	1,4

В результате проведения разведки недропользователями за 2017 – 2020 года впервые поставлены на Государственный баланс 65 месторождений, в том числе ТПИ (твердые полезные ископаемые) – 43 (14 - золота, 1 – меди, 4 – железных руд, 1 – вольфрамовые руды, 3– марганцевые руды, 1 – хромовых руд, 1 – нефритоиды, 1 – метан угольных пластов, 2 – угля, 15 – ТМО (техногенно-минеральные образования), УВС (углеводородное сырье) – 22.

Согласно составляемому ежегодно государственному балансу запасов полезных ископаемых получены следующие приросты запасов полезных ископаемых (по состоянию на 2020 г.): золото – 111,5 т., марганцевая руда – 11,8 тыс т., железные

руды – 13,8 млн.т., хромовые руды -192,4 тыс т., уран – 55,4 тыс т., нефть – 31,7 млн.т.; газ – 29 млрд.м<sup>3</sup>; конденсат – 706,8 тыс т.

### *Планы и задачи.*

В целях повышения геологической изученности и восполнения минерально-сырьевой базы Казахстана Министерством проводятся следующие работы.

Разрабатывается Национальный проект по развитию геологоразведочной отрасли, в рамках этого проекта будут поставлены новые научно-обоснованные работы, которые позволят раскрыть потенциал рудных и нерудных зон.

Проводится работа по рассекречиванию геологической информации, в том числе будет обеспечен открытый доступ по отдельным редкоземельным металлам (литий, тантал, ниобий), ранее считавшиеся секретными.

В части развития ГГИН и повышения вероятности обнаружения новых перспективных участков подготавливаются нормативно-методические инструкции по проведению крупномасштабного регионального геологического изучения недр в масштабе 1: 50 000 современными методами исследования.

В целях реализации единой государственной политики по восполнению минерально-сырьевой базы, геологического изучения недр, управления геологоразведкой, предложено определить Министерство ответственным за разработку и утверждение Программы управления государственным фондом недр (по согласованию с МЭ и МИИР) и по выполнению государственного контроля в части ТПИ в рамках существующей инфраструктуры и инспекторского состава Министерства.

Таким образом, совершенствование механизмов стимулирования притока инвестиций в геологоразведку позволят повысить инвестиционную привлекательность геологического изучения недр, обеспечить воспроизводство минерально-сырьевой базы и открытие новых месторождений.

**Министр**

**экологии, геологии и**

**природных ресурсов**

**Республики Казахстан**

**М. Мирзагалиев**

✉: А.Мухамеджанова

☎: 8 707 022-06-06

8 7172 278149